

Білім жүйесін басқаруды оңалту және жақсарту жобасын іске асыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 20 мамыр N 853

Білім жүйесін басқаруды оңалту және жақсарту жобасын жүзеге асыруды жеделдету және Азия Даму Банкінің (АДБ) 20 000 000 АҚШ доллары мөлшеріндегі заем қаражаты мен 9 408 000 АҚШ долларына баламды мөлшердегі мемлекеттік бюджеттен қоса қаржыландыру қаражатын тиімді пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қосымшаға сәйкес 29 408 000 АҚШ доллары сомасындағы жобаны қаржыландыруға арналған қаражатты бөлу бекітілсін.

2. Жобаны қаржыландыруға арналған қаражатты мақсатты әрі тиімді пайдалану жауапкершілігі Қазақстан Республикасының Білім және мәдениет министрлігіне жүктеледі деп белгіленсін.

3. "Қазақстан Республикасы мен Азия Даму Банкінің арасындағы Займ жобасы (Арнайы операциялар) (Білім жүйесін басқаруды оңалту және жақсарту жобасы) туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 12 шілдедегі Заңымен бекітілген халықаралық шарттың мәртебесі бар Займ туралы келісімге сәйкес былай деп белгіленсін:

Азия Даму Банкінің займ қаражаты есебінен қаржыландырылатын аталған жоба бойынша берілетін тауарлар, көрсетілетін қызметтер қосылған құн салығынан және кеден төлемдерінен босатылады;

Азия Даму Банкі займы қаражатының есебінен резидент еместің кірісі төлем көзінен табыс салығын төлеуден босатылады.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:
жобаны қаржыландыру мақсатында Қазақстан Республикасының Білім және мәдениет министрлігіне Қазақстан Республикасының мемлекеттік Бюджеттік банкі арқылы 9 408 000 АҚШ долларына баламды мөлшерде қаражатты өтеусіз бөлсін.

Азия Даму Банкінің займы бойынша негізгі қарыздарды, проценттер мен осыған қатысты төлемдерді уақытында өтеуге бақылау жасауды жүзеге асырсын.

5. Қазақстан Республикасының Білім және мәдениет министрлігі жергілікті шығындарды қаржыландыруға бағытталған Азия Даму Банкінің займ қаражатын игеру үшін Азия Даму Банкіне қабылданымды жағдайларда банкте ағымдағы есепшот ашсын.

6. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің жанындағы

Сырттан қарыз алу жөніндегі комитет аталған жобаны іске асыруға жалпы

үйлестіруді және Азия Даму Банкінің ережелеріне сәйкес тауарлар мен қызметтерді сатып алулар жүргізуге бақылауды жүзеге асырсын.

7. Облыстар мен Алматы қаласының әкімдері Жобаның жергілікті жерлерде жүзеге асуына көмек көрсетсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1997 жылғы 20 мамырдағы

№ 853 қаулысына

Қосымша

Білім жүйесін басқаруды оңалту және жақсарту жобасын
қаржыландыруға бағытталған қаражатты бөлу

| Санаттар | АДБ тарапынан | Үкімет | |
|----------|---------------|------------|--------------|
| | қаржыландыру | | |
| | ----- | тарапынан | |
| | Шетелдік | Жергілікті | қаржыландыру |
| | шығындар | шығындар | (мың АҚШ |
| | (мың АҚШ | (мың АҚШ | доллары) |
| | доллары) | доллары) | |

А. Базалық бағасы

1. Мамандарды даярлау:

| | | | |
|------------------|-----|-----|---|
| а) шетелде оқыту | 300 | 0 | 0 |
| б) елде оқыту | 0 | 288 | 0 |

2. Оқулықтар мен оқу

| | | | |
|-----------|------|------|-----|
| құралдары | 1200 | 1000 | 400 |
|-----------|------|------|-----|

3. Консалтингтік қызмет:

| | | | |
|---------------|-----|----|---|
| а) шетелде | 400 | 0 | 0 |
| б) жергілікті | 0 | 79 | 0 |

4. Жиһаз және құрал-жабдық:

| | | | |
|----------|---|-----|------|
| а) жиһаз | 0 | 927 | 1456 |
|----------|---|-----|------|

| | | | |
|---|--------------|-------------|-------------|
| б) құрал-жабдық | 11589 | 610 | 0 |
| 5. Орындалуы | | | |
| а) Жобаны орындау жөніндегі бөлім бойынша ағымдағы шығындар | 0 | 63 | 27 |
| б) жобаны орындау үшін ағымдағы шығындар | 0 | 0 | 3960 |
| 6. Салық және баж | 0 | 0 | 3072 |
| Б. Мүмкін кездейсоқтық | | | |
| 1. кездейсоқтық | 1263 | 569 | 301 |
| 2. бағаның өсуі | 604 | 405 | 192 |
| В. Қызмет үшін алым | 663 | 0 | 0 |
| ЖИЫНТЫҒЫ | 16059 | 3941 | 9408 |